

1. Айтылымда сөйлеуге үйрету үшін қойылатын талаптар
 - A) үйренуші мен үйретуші арасындағы қатынасты тең дәрежеге жеткізу
 - B) тыңдай білу, ой бөлісу, пікірлесу, қарым-қатынасқа жетелеу
 - C) негізгі ойын түйіндеп, қосалқы оймен жүйелеу
 - D) есте сақтау, ойдың логикалық жүйесін сақтау, қайталау
 - E) еркін сөйлеу, ізденім ынтасын арттыру, өз бетінше меңгеру
 - F) сөйлеуге үйрету кезінде жайлы психологиялық климат маңызды
 - G) оқытушының зейіні мен жеке басының сенімділігін арттыру
2. Мұғалімнің пунктуацияны оқытудағы әрекеттер құрылымы
 - A) интонациямен ғана сөйлеуге машықтандыру
 - B) сауатты жазу машығын қалыптастыру
 - C) сауатты оқу мәдениетін дамыту
 - D) тыныс белгілерін қоюда сүйенетін принциптерді меңгерту
 - E) бас әріппен жазылатын сөздерді меңгеру
 - F) тыныс белгісін дұрыс қою дағдысын қалыптастыру
 - G) нүкте қойылатын орындарды айту
 - H) тыныс белгілерінің қойылатын орнымен таныстыру
3. Әдіскер-ғалым Ф.Оразбаева жіктеген ұстанымдар
 - A) психологиялық
 - B) салаәдістемелік
 - C) жалпыәдістемелік
 - D) әдіснамалық
 - E) тәжірибелік
 - F) белсенділік
 - G) педагогикалық
 - H) көрнекілік
4. Мұғалімнің кәсіби дамуына жататындар
 - A) өз жұмысында этикалық нормаларды қолдану
 - B) өзекті зерттеулер негізінде жеке оқыту әдістемесін әзірлеу
 - C) үздік педагогикалық тәжірибелерді зерттеу
 - D) тәрбиелеу процесіндегі ынтымақтастықты арттыру
 - E) оқыту және тәрбиелеу процесін жоспарлау
 - F) тәлімгермен, әріптестерімен өзара іс-әрекет жасау
 - G) білім нормалары мен әдеп нормаларын сақтау
5. Аралас сабақта
 - A) шығармашылық тапсырмаларды орындап, талдау жасайды
 - B) оқушының таным-әрекетін арттыратын тапсырмалар ұсынады
 - C) оқу материалын қайталап, жаңа материалды қорытады
 - D) оқушының өз ойын дәлелдеуге, пікір таластыруға жаттықтырады
 - E) оқу материалдарын қосымша ақпараттармен толықтырады
 - F) оқушылардың білім көлемі мен сапасын арттырады
 - G) оқушы деңгейіне қатысты тапсырмалар мен жазба жұмыстарын жасайды
 - H) оқушыларға жаңа білім береді, практикада пайдалану жолын үйретеді

6. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын интербелсенді әдістер
- A) қатысымдық, бақылау
 - B) жалқылау, жалпылау
 - C) пікірталас, ойын, тренинг
 - D) әңгіме, дәрісбаян, ой-жүйелік
 - E) түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап
 - F) ұластыру, көрнекілік
7. Сыныптар арасында қазақ тіліне байланысты ауызша және жазбаша сұрақ-жауап түрі
- A) блиц сұрақтар
 - B) викториналық сұрақтар
 - C) түсініктеме сұрақтары
 - D) ашық сұрақтар
 - E) рефлексиялық сұрақтар
 - F) тікелей сұрақтар
8. Жазылым әрекетінің бөліктері
- A) танымдық
 - B) әрекеттілік
 - C) сипаттамалық
 - D) орындаушылық
 - E) себеп-салдарлық
 - F) міндеттілік
 - G) орындалымдық
 - H) аналитика-синтетикалық
9. Мектеп мұғалімінің негізгі кәсіби қызметі
- A) ата-аналармен байланыс орнату
 - B) оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыру
 - C) тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру
 - D) оқу процесін жүзеге асыру
 - E) білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау
 - F) сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын жасау
 - G) оқушының тәрбиесіне жауапты болу
 - H) қосымша сабақтар жүргізу
10. Ә. Исабаев жіктеуіндегі теориялық білімді меңгерту сабақтары
- A) сынақ сабақ
 - B) бекіту сабағы
 - C) жаңа сабақ
 - D) лекция-сабақ
 - E) тексеру сабағы
 - F) біріккен сабақ
 - G) қайталау сабақтары
 - H) талдау сабағы